

Оқу мақсаттары: 1.1.1.1. Қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру

Сабақ мақсаты:

Барлық оқушылар орындай алады: Қоршаған ортадағы құбылыстарды, үдерістерді және нысандарды оқып-үйренудің маңызын түсінеді

Көпшілігі орындай алады :Қоршаған ортадағы құбылыстарға бақылау жүргізе алады.

Кейбір оқушылар: Жаңа сабақта алған білімдерін өмірде қолданады.

Тілдік мақсат:

Оқушылар орындай алады: Қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеуді біледі, түсінеді, бақылайды ,салыстыра алады.

Түйінді сөздермен сөз тіркестері: Зерттеу- исследование- investigate
Бақылау- наблюдать- watch
Өсімдік- растение- plant

Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1.Бақылау жүргізу дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Заттарды өлшеуге қандай құралдар керек?
3. Қоршаған әлем құбылыстарын қалай зерттейміз?

Алдыңғы оқу: Бұрынғы біліміне сүйенеді.

Критерий: Қоршаған ортадағы құбылыстарды анықтай алады;
Болып жатқан үдерістерді талдайды, сипаттайды, қолданады

“Әлемді шарлау”
қартасы



Ширату аралы 2 минут

Топқа бөлу: Пазлдар арқылы сурет құрастыру

I топ: Зерттеушілер

II топ: Бақылаушылар



Түсіну аралы 5 минут

Сен білесің бе?



Тәжірибе мен бақылау- табиғатты танудың маңызды әдістері. Олар арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Зерттеушілер көзге көрінбейтін заттарды бақылай алады. Ол үшін арнайы құрал-жабдықтар қолданылады.






Зерттеу аралы 10 минут


Топтық тапсырма:

I топ: Өсімдіктер

II топ: Балықтар



Ментальді карта



Дескриптор:

Оқушылар саралайды, түсінеді, сипаттайды

Қуаныш аралы 3 минут
Сергіту сәті: Жунглидегі
жаңбыр





«Жунглидағы жаңбыр»

Шарты: - Бір-біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).

Жел көтеріліп желкіді (арқаны қаттырақ басамыз) .

Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)
Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)
Кенет нөсер жауын құяды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).

Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).
Тағы да нөсер жауын жауды.
Ұсақ жаңбыр сіркіреді.
Дауыл соқты.
Жел соқты.
Жел басылып келеді.



Тәжірибе аралы 7 минут
Жұптық жұмыс

Ойлан, жұптас,
талқыла!



Жарайсың!

Дескриптор: Бөлме өсімдігін зерттеп бақылайды, өлшей алады.





Саралау аралы 3 минут



Өзіндік бақылауға арналған тәжірибе: Жүрек соғысын тыңдаймыз, тыныс алғанда кеудең қалай көтерілді, қалай басылғанын айту. 1 минуттағы тамыр соғысын бақылап, нәтижесін жазады.
Дескриптор: Өзіндік бақылау жасап, талдай алады.



Кері байланыс: «Шеңбер бойымен»

3 минут



Бүгін мен білдім
Қызық болды
Қиын болды
Мен түсіндім
Мен үйрендім



Сабақты бағалау 1 минут

